Ойындар, дербес әрекет. Баланың	*Ойын «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу,*	*Сюжетті-рөлдік ойындар: «Жүргізуші»* *Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, қиялын дамыту.*	*Дид. ойын «Жұмбақты шешейік»* *Мақсаты: Жұмбақты жасырабілу білім дерін дамыту.*	*Әңгімелесу «МАИ қызметкерінің-мамандығы»* *Мақсаты: Автоинспектор жұмысының білімін анықтау.*	*Қозғалыс ойыны* *«Ине, жіп» Мақсаты: Бағытты ауыстыра отыр ып жүгіруге үйрету.*

жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00 - 16.30					
Серуенге дайындық 16.30 – 16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 16.50 – 17.40	*Серуен №18 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен № 19 Картотека қосымша тіркелген*	*Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен №21 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40 – 18.30	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.*	*.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу*	*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*

ЦИКЛОГРАММА
III апта (қазан, 2021ж.)
«Айгөлек» Ортаңғы тобы
18.10.-22.10.2021ж

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.	Сейсенбі 19.10.	Сәрсенбі 20.10.	Бейсенбі 21.10.	Жұма 22.10.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*Дид ойын: «Жолақшада қанша жол»* *Мақсаты: Сандық сандарды үйретуді жалғастыру.*	*Дид ойын: «Мәшіндер қалай аталатынын атап , шешуін тап»* *Мақсаты: Күрделі сөздерді құрастыра білуге үйрету.*	*Сүрет салу.«Біз жүргіншіміз»* *Мақсаты: Қолының маторикасын дамыту.*	*«Бөгде адамдармен көшеде әңгімелесу қауіпті»* *Мақсаты: Өзіндік қауіпсіздігін сақтау.*	*«Терезеден жүргіншілерді бақылау»* *Мақсаты: Жолды өту ережесін бекіту.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 6*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30 -8.50	*Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,* *Мөлдір суға қолыңды жу.* *Жуынсаңсаң сен әрдайым,* *Таза бетің, маңдайың.* *«Ас дәмді болсын!»* *Ас құрамымен таныстыру .*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу	***1.Қоршаған ортамен танысу.*** ***Тақырыбы:*** *Жолда жүру ережесін сақтайық* ***Мақсаты:*** *Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол)туралы түсінік беру.*	***1. Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Менің көшем* ***Мақсаты:****Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорын дамыту.* ***Қолданылатын көрнекі***	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Ұқсас заттар.* ***Мақсаты:*** *Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді үйрету. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі***	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері* ***Мақсаты:*** *Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру.Табиғатты аялауға, қорғауға үйрету.*	***1.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Бағдаршам* ***Мақсаты:*** *Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрден тыс сурет салудың техникасын жетілдіру.*

қызмет-тері 9.15 - 10.00	***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бағдаршам суреті, қызыл,сары,жасыл дөңгелек пішіндер* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Е.Өтетілеуов* *Бақшамызға барғанда,* *Жолыққан бар жандарға* *Ертемен ақ пейілмен* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *«Қайырлы таң!» деймін мен* *Қызыл көзін ашқанда,* *Сынық сүйем баспа алға.* *Сары көзін ашқанда,* *Қарап қалма аспанға.* *Жасыл көзін ашқанда,* *Жүре бергің жасқанба.* *Не екен ол балалар?* ***Ой қозғау.*** *Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?* *-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?* *-Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?* *Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?* *-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?* *Балалардың жауаптары* *Мадақтау.* *Смайлк беру.* ***Ой дамыту.*** *Бағдаршам, жол жиегі туралы түсінік беру.* *Суретпен жұмыс.* ***Ойын :*** *« Жүргізуші мен жаяу адам ».* *Ойын шарты: жүргізушілер мен*	***құралдар:*** *қуыршақ, микрафон* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Ал,қанеки тұрайық,* *Үлкен шеңбер құрайық,* *Жақсы-жақсы сөздерді* *Бір-бірімізге сыйлайық.* *Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.* *Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Айгүл келеді.* *Адасып кеткенін айтады.* ***Ой қозғау.*** *-Балалар Айгүлге қалай көмектесеміз?* *-Сендер өз көшелеріңді білесіңдер ма?* ***Сиқырлы микрафон*** *Микрафонды ұстаған бала өз көшесін,отбасыда кімдер бар екенін айтып береді.* ***Ой дамыту.*** *Балалар Айгүл көшесін есіне түсіру бейнетаспадан ауылымыз көрсетейік.* ***АКТ.*** *Біздің ауыл* ***Сергіту сәті.*** *Көше бойымен келеміз,* *Оң жакты да, сол жақты да көреміз.* *Автобекет, дүкендер,* *Мұражай мен әуежай.* *Барлық үйлер сәулетті* *Біздің ауыл көрікті.* *Айгүл өз көшесін есіне түсіріп балаларға рахмет айтып қоштасады.* ***Қорытынды.***	***құралдар:*** *хат,пішіндер,ойыншықтар, сыйлық* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *«Күлімдейік».* *Шеңберге біз жиналдық. Сен досымсың, мен досыңмын.* *Қол ұстасып тұрамыз,* *Күлімдесіп қараймыз.* ***«Доп лақтыру» әдісі*** *арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Балалар, білімпаздар елінен пошташы бізге хат беріп жіберіпті.* *Олай болса ашып көрейік.* *Мұнда тапсырмалар берілген екен.* ***1-тапсырма*** *Санамақ білесіңдер ма?* ***Санамақ*** *Бір дегенім-бөрік* *Екі дегенім-етік* *Үш дегенім-ішік* *Төрт дегенім-тымақ* *Бес дегенім-байпақ* ***2- тапсырма*** *Ойын: «Тап та, ата». суретке қарап, қай тәулік бөлігі екені айтады.* *Балаларды мадақтау.* ***Сергіту сәті:*** *1 дегенде тұрайық,* *2, 3, 4,- алақанды соғайық,* *Оң жаққа бұрылып,* *Сол жаққа бұрылып* *Бір отырып, бір тұрып,* *Біз демалып алайық.* ***4- тапсырма*** ***Жеке жұмыс*** *Ойын «Көп ,аз»* *Шарты:Таратылған қарандаштар, ойыншықтарды топтастырып,қайсысы көп ,қайсысы аз екенін әр бала*	***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *хат,сауысқан бетперде,әр түрлі саңырауқұлақтар,өсімдіктер және жәндіктер суреттері,желім.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Біз қандаймыз,қандаймыз* *Шұғылалы таңдаймыз* *Күлімдеген күндейміз* *Ренжуді біз білмейміз* *Қуанамын менде* *Қуанасың сенде* *Қуанайық достарым* *Арайлап атқан күнге* ***Мнемотехника.*** *Күз мезгілі.* ***Тосын сәт.*** *Сауысқан хат әкеледі.* ***.Ой қозғау.*** *-Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар?* *Бұл хатты Ернар мен Жанар деген балалар жазыпты.Олар орманнан саңырауқұлақтар терген екен. Алай да саңырауқұлақтың қайсысын жеуге болатын дығын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты.* *Көмектесеміз ба?.* ***Орманға саяхат.*** ***Ой қозғау.*** *Сұрақ жауап* *Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?* *-Қандай жәндіктерден абай болу керек?* *-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?* *-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?* ***Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:*** *1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!* *3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу*	*Ұсақ қол қимылдарын дамыту.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *әр түрлі ойыншықтар суреті, бояу,мақталы таяқша,түрлі түсті карандаштар. үлгі* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Мына сұлу әлемде* *Адам өмір сүреді* *Үлкен менен кішіге* *Күн сәулесін төгеді.****«Доп лақтыру» әдісі*** *арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау.* ***Қызығушылықтар-ын ояту.*** *Жұмбақ жасыру.* *Бір көзім кідір дейді.* *Бір көзім дайындал дейді.* *Бір көзім жүр дейді.* ***Ой қозғау.*** *Бағдаршам неге керек?* *Ол қандай қызмет атқарады?* ***Топқа бөлу.*** *Қызыл,сары түспен* *1-топ Қызыл түс* *2-топ Сары түс* ***Әр топқа тапсырма беру.*** *1-топ бағдаршамды таяқшамен бояу* *2-топ бағдаршамды губкамен бояу.* ***Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету,түсіндіру.*** *Балалардың жұмысы бақылау.* *Жеке көмек.* *қиналған балаларға көмек қолын созып, бағыт-бағдар беріп отыру.* ***Сергіту сәті:***

	жаяу адамдар жолдағы ережелерге мұқият қарап орындаулар қажет. ***Сергіту сәті:*** *«Бағдаршам» ойыны* *Шарты: Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде – балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді.* ***Қорытынды.*** ***Дидактикалық ойыны*** *«Болады, болмайды» ойнатылып, балалардың тақырыпты меңгергенін анықтау* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***2.Дене шынықтыру.*** *Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру, жүгіру. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Б.қ.:* *1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту*	*Сұрақтар ілмегі әдісі арқылы аяқтау.* *Балаларды мадақтау.* ***3.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*	*айтады.* ***Ой дамыту.*** *Бір ,көп аз ұғымы туралы түсінік беру.* ***5-тапсырма*** *«Геометриялық пішіндер»* *Шарты:»Геометриялық пішіндердің топтастыру* ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау* *Хаттың ішінен сыйлық шығады.* *Балаларға сыйлықты беру.* ***2.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.* ***Мақсаты:*** *Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.**Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бағдаршам* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері.*** *«Кел,балалар күлейік»* *Ө.Тұрманжанов.* *Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!* ***Миға шабул.*** *Жұмбақ жасыру.* *Үш көзі бар қаз-қатар,* *Кезек-кезек ашады.* *Үшеуінен байқасам,* *Үш түсті нұр шашады.* *-Дұрыс бағдаршам* ***Сұрақ жауап*** ***Ой қозғау.*** *-Бағдаршам дегеніміз не?* *Ол қандай қызмет атқарады?* *Балалар бағдаршамның неше көзі бар ?*	*ережесі* *2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!* ***Ернар мен Жанар балаларды қарсы алады.*** ***Слайд көрсету.*** *Саңырауқұлақтар* ***6. Сергіту сәті.*** *Саңырауқұлақ болайық,* *Тізе бүгіп отырайық.* *Жаңбыр жауса көтеріліп,* *Өсіп-өсіп алайық.* ***7.Балабақшаға оралу*** ***Сұрақтар ілмегі.*** *Орманнан алған әсерлерін бөлісу үшін балаларды екі орталыққа бөлемін.* *1-орталықтағы балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды,* *2-орталықтағы балаларға «Табиғаттағы мінез-құлық ережесі» тақырыбында табиғатқа серуенге барғанда нені істеуге болмайды деп санайды,соған байланысты суреттерді жапсыруды ұсынамын.* *Балаларды мадақтау.* *Жұлдызшалар беру.* ***3.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы:*** *Машина* ***Мақсаты:*** *Әр түрлі машиналар туралы түсінік беру.Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйрету.* ***Қолданылатын көрнекі***	*«Көлік айдау» бағдаршам көздерінне байланысты қимыл жасау.* *Жұмыс барысымен таныстыру.* ***Қорытынды.*** *Балалардың салған суреттерін бағалау,мадақтау.* *3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.* ***2.Дене шынықтыру.*** *Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *Шеңбер бойымен тұру.* *Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** ***Доппен жаттығу.*** ***Б****.қ.: 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Доп қолда. Допты оң жаққа қозғап, басты оң жақ иыққа қою. «Оң жақ» деп айту. Допты сол жаққа қозғап, басты сол жақ иыққа қою. «Сол жақ» деп айту.* *Б.қ.: 2. Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ*

	Б.қ.: *2 . Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз.* *Б.қ.:* *3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, 1- аяқты тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.қ.* *Б.қ.:* *4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады.* *Б.қ.:* *5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру (10-15 секунд)* *Тыныс алу жаттығулары:* *«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* *Бастапқы қалыпқа келу.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1-Допты аяқтарымен бір-біріне домалату* *2. Төрт тағандап еңбектеу.* *Қимылды ойын:* *«Құстар»* *Ойын шартымен таныстыру .Балаларды мадақтау.*		*-Түстері қандай ?* ***Ой дамыту.*** ***АКТ технологиясы.****Экраннан бағдаршам туралы бейнеролик көрсету.* *Қазір біз сендермен Ә. Табылдиевтің "Бағдаршам" өлеңін жаттаймыз.* ***«Бағдаршам»*** *–Бұл өлеңнің авторы–Ә. Табылдиев портретін көрсету* *Бағдаршам* *Менің атым–бағдаршам* *Кеудем толы жанған шам* *Қызыл көзім жанғанда* *Сақ болыңдар тоқтаңдар!* *Сары көзім жанғанда* *Сабырлылық сақтаңдар!* *Жасыл шамды көрсеңіз* *Бола береді өтсеңіз!* ***Бір адым әдісі*** *арқылы тақпақты жаттау.* *Балаларды мадақтау* ***Сергіту сәті*** *Тік ұста бойыңды,* *Жоғары соз қолыңды.* *Соз қолыңды тағы да,* *Жеткіз жираф мойына.* ***Қимылды ойын: «****Бағдаршам»* *Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз* ***Қорытынды. Біз бүгін сендермен не жайлы әңімелестік?*** ***қандай өлеңді жаттадық?*** *Балаларды мадақтау* ***Бағдаршам әдіс*** *арқылы қорытындылау.* ***3.Дене шынықтыру*** *. Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүру,*	***құралдар:****ермексаз,тақтайшаүлгі* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Алақанды ашайық* *Күн нұрын салайық* *Осы жасқсы лебізді* *Бір бірімізге сйлайық* ***Миға шабул*** *Жұмбақ жасыру.* *Жүргізуші жүргізеді,* *Төрт аяқты батырды.(машина)* ***АКТ*** *Енді, балалар мына суретке назар аударыңдар, қане айтыңдаршы мынау қандай машина?* ***Ой дамыту*** *Көліктер туралы түсінік беру.* *1. Әуеде ұшатын көліктер:* *2. Суда жүзетін көліктер:* *3. Жерде жүретін көліктер:* *4. Темір жол көліктер:* ***Ойын :« Дауысынан тап »*** *Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі,мотоциклдің,жүк машинаның)дыбыстары естіледі* ***Дидактикалық ойын.*** *«Мен жүргізушімін»* *Әр бала өзіне машина мүсіндейді.* ***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.*** *Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *Қадағалау, көмек көрсету.* *Балалардың жұмыстарын бақылау.* ***Сергіту сәті:*** *Бип, бип дейді* *Жолдан былай кет дейді* *Күшікті басуға ,басуға* *Болмайды ,болмайды ,машина* *Бип,бип,бип* *Жеке көмек.* ***Қорытынды.***	*ұстайды, қолды төмен түсіріп, қарын тұсынан бір-бірімен айқастырады, екі қолды бірдей жоғары көтеріп, алға еңкейеді, қолды иыққа дейін түсіріп, денені 90 градусқа бұрады, қолды жерге дейін түсіріп, бастапқы қалыпқа оралады.* *Б. қ.: «Допты жалғастыр»* *3. Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа созып, жоғары көтеру, допты келесі қолға салып, қайта екі жаққа созып төмен түсіреді* *Б.қ.: 4.Доп жанда . Қол мен табанға сүйене отырып, допты айнала секіре еңбектеу.* *Б.қ.: «Жоғары-төмен»* *5. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда «Жоғары» дегенде допты жоғары созу, «төмен» дегенде тізені бүгу. Допты жерге тигізу.* *Б.қ.: 6. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда. Денені тік ұстайды. Аяқты алма кезек көтере секіру. /15-20 секунд/* ***Тыныс алу жаттығулары.*** *«Ағаш жарамыз»* *Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1 Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.* *2.Бір орында тұрып, екі*

			жүгіру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып жалпы дамытушы жаттығуларды жасату.* *1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру* *2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру* *3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру* *2. 2 қолды алдына апару* *3. 2 қолды жанына апару* *4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу* *5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру* *6. Терең дем алу* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.* *2.Жіп бойымен тепе-теңдікті*	*Балалардың жұмысын қорытындылау.* *Галерея шаралау.* *Өзара бағалау әдісі арқылы қорытындылау.*	*аяқпен секіру.* *Қимылды ойын: «Кім бірінші.»* *Ойын шартымен таныстыру* *Балаларды мадақтау.*


			сақтап жүру ***Қимылды ойын:*** *««Мысық тышқан»* *Ойын шартымен таныстыру.* *Балаларды мадақтау.*		
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20- 12.00	***Картотека №19*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №18*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №20*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 21*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №18*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.10 - 12.20	*Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен* *жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.20 - 13.00	*Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу*				
Ұйқы 13.00- 15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралар 15.10 - 15.40	***№16*** *Картотека қосымша тігілген*	***№17*** *Жел* *Картотека қосымша тігілген*	***№18*** *Көздерім тұрыңдар* *Картотека қосымша тігілген*	***№19*** *Күн* *Картотека қосымша тігілген*	***№20*** *Жел* *Картотека қосымша тігілген*
Бесін ас 15.40 - 16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00 - 16.30	*Дьенеш блоктарымен жұмыс* *Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады»,* *«Биік мұнара»,*	*«Үстел ойындары»* *«Көңілді кубиктер »* *Мақсаты: Кубиктерді пайдаланып, құрастыруға үйрету.* *Балалармен жеке жұмыс.* *«р», «қ»дыбыстарын дқрыс айтуға үйрету.*	*Үстел үсті театры:* *«Қасқыр мен түлкі»* *Мақсаты:* *тапқырлыққа тәрбиелеу,ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтау* *арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.* *Балалармен жеке жұмыс.* *Түстеріне қарай заттарды топтауға үйрету.*	***М. Монтессори технологиясымен жұмыс.*** *Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.*	*Дидактикалық ойын:* *"Бұл не?".* *Мақсаты:Суретке қарап не зат екенін ажырата білу.* *Балалармен жеке жұмыс.* *"р" дыбысын дұрыс айтқызу жұмыстары жүргіре*
Серуенге	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				

дайындық 16.30- 16.50					
Серуен 16.50 – 17.40	***Таза ауаға серуен. Серуен №19*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Таза ауаға серуен. Серуен № 20*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Таза ауаға серуен. Серуен № 21*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Таза ауаға серуен. Серуен № 22*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Таза ауаға серуен. Серуен № 23*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40 – 18.30	*Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.*	*Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.*	*Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.*

ЦИКЛОГРАММА
IVапта (Қазан , 2021ж.)
«Айгөлек» Ортаңғы тобы
25.10.-29.10.2021ж

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Алтын күз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.	Сейсенбі 26.10.	Сәрсенбі 27.10.	Бейсенбі 28.10.	Жұма 29.10.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдасты Жағымды жағдай орнату.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*Әңгімелесу: « Күз» Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Дид/жаттығу: «Қарада ата» Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау.*	*«Заттың атын ата» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту*	*Мнемотехника әдісі «Күздік киімдер» Мақсаты: киім түрлері туралы түсінік беру.*	*«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету*	*Дид-қ ойын «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты:Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.Сөздік қорын байыту*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 7*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30 -8.50	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.15 - 10.00	***1.Құрастыру.*** ***Тақырыбы.*** *Жүзім* ***Мақсаты:*** *Қағазбен жұмыс жасауға үйрету. Қағаздан дөңгелектер жасау арқылы жүзімді жапсыра алуға баулу. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *түрлі түсті қағаздар, ПВА желімі, қылқалам, үлгі суреттер*	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Жыл мезгілі. Күзгі табиғат(сурет бойынша әңгімелеу).* ***Мақсаты:*** *Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.Табиғатқа қамқор бола білуге*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Бақтағы жемістер мен көкөністер* **.** ***Мақсаты:*** *«Көп», «біреу», «бір-бірден», «бірде - біреуі жоқ» ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету.*	***1. Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Алтын күз келді!* ***Мақсаты:*** *Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.Табиғатта ғы ауа райын бақылауды үйрету. Қамқорлыққа тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *күз мезгілінің суреттері*	***1.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Алтын күз (сюжеттік с/с)* ***Мақсаты:****Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге дәстүрден тыс әдісімен сары жапырақтарды орналастыру.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:***

	мен таратып беретін бұтақтардың суреттері. ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Біздің топта балалар,* *Тату – тәтті ойнады.* *Дос көңілді әрқашан,* *Тек жақсылық ойлайды.* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *- Күз мезгілінде неше ай бар?* *- Күз Күз мезгілінде ауа – рай қандай болады?* *- Бүгін аптаның қай күні?* ***Қызығушылықтарын ояту.***  *Берілген суреттер 4- ке бөлініп, қиылады. Балалар қиылған суреттерді таңдап алады және оларды біріктіреді.* *Құрастырылғын сурет бойынша 2 топқа бөлінеді.* *айтады.* *1-топ. лимон* *2- топ. алма* ***Сұрақтар ілмегі.*** *Қолдарындағы жемістерді сипаттап беріңдер.* *Жемістерге тағы нелер жатады?* *Жемістерден аналарымыз не істейді?* ***Ой дамыту.*** *Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді. Ол жетіспегенде тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттенеді. Лимонды кесіп алып, шайға салып, ішіп жүрсе, қан жүрісі реттеледі, қан қысымының көтерілуі бәсеңдейді. Лимонмен шай ішкен адамның жүйкесі бірқалыпты*	*тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *күз мезгілінің суреттері, әр түрлі жапырақтар,АКТ* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** ***Тілек шоғы.*** *Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді.* *Миға шабул.* ***Жұмбақ жасыру.*** *Жауып жаңбыр,жер сабыр* *Шөп, жапырақ солады.* *Бұл қай кезде болады ?* *Сұрақ жауап.* *-Қазір жылдың қай мезгілі ?* *-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?* *-Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі?* ***Суретпен жұмыс.*** *«Күзгі табиғат»* *Мнемотехника әдісі бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою. Сұрақ – жауап арқылы балалардың сөздік қорын, тілін жаттықтыру.* ***Ой дамыту.*** *Күз мезгілін бейне таспадан көрсету.* *Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *- Неліктен алтын, жомарт күз дейміз?* *- Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?* *Күзгі орманға саяхат.* *Күзгі орманды тамашалайды.* ***Дидактикалық ойын.****«Жапырақтың түсі қандай?»*	***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *жемістер муляж, пішіндер,себет,доптар* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *«Күлімдейік».* *Шеңберге жиналдық. Сен досымсың, мен досыңмын.* *Қол ұстасып тұрамыз,* *Күлімдесіп қараймыз.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Тосын сәт.* ***Білмеспек келеді.*** *доп салынған себетті бар.* ***Ойын:*** *«Көп, біреу, бір-бірден, бірде-біреуі жоқ»* *Менің себетімде не жатыр?* *Себетте неше доп бар?* ***Ой қозғау.*** ***«Саябақтағы жемістер»*** *дидактикалық жаттығуы.* *Үстелдің үстіндегі табақшада жемістер мен көкөністер жатады.* *Балаларға жемістер мен көкөністерді санап теріп алуға тапсырма беру.* *-Неше жеміс жинадың?* *-неше көкөніс жинадың?* ***«Көп және біреу»*** *дидактикалық ойыны. Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.* ***Жұмбақ жасыру*** *Бұрыштарым жоқ менің,* *Дөңгелекте емеспін,* *Ұқсаймын мен денеге* *Кім табады, бұл не?* *(Сопақша)* *Үш төбесі бар көрінген* *Үш бұрышы мен үш беті* *Жауабын кім шешеді?* *(Үшбұрыш)* *Әр жұмбақты шешекен сайын*	***Оқу қызметінің барысы:*** ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбері:*** *Табиғат біздің анамыз* *Табиғатқа баламыз* *Иіліп сәлем береміз* *Біз әдепті баламыз!* *2.Балалармен амандасу.* *3.Миға шабул* *1.Жұмбақ жасыру.* *Жапырақты бояды,* *Атырапты бояды.* *Бояп-бояп барлығын* *Сап-сары ғып қояды. (Күз)* *Жұмбақтың шешуін табады:* ***Балалардың білімін нығайту.*** *Тақпақ оқу.* *Қарашы күз келді, күз келді* *Жапырақ жауыпты іздерді.* *Құс біткен керуен тізеді,* *Қара бұлт қабағын түйеді.* *Мнемотехника күз мезгілі.*  ***Ой қозғау*** *Сұрақ жауап.* *-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?* *-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?* ***Тосын сәт.*** *Күз ханшайымы келеді.* *Балалармен амандасады.* *Тапсырма алып келеді.* *Ресурс арқылы топқа бөлу.* *(Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу)* *1-топ. Сары жапырақтар* *2-топ. Жасыл жапырақтар*	*әр балаға ақ қағаз,бояу,қылқалам, жапырақтар* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Сиқырлы қорап көрсету.* ***Ой қозғау.*** *Қорапта не бар деп ойлайсыңдар?* *түрлі түсті жапырақтарды көрсету.* ***Ой дамыту.*** *Сұрақ жауап.* *Жарырақтардың түстері қандай?* *Неге қызыл,сары ?* ***Ойын: Сиқырлы ағаш*** *Сиқырлы ағашқа жапырақтарды ілеміз.* ***Сары,қызыл жапырақтар арқылы топқа бөлу.*** *1-Сары жапырақтар тобы . Жапырақты бояу арқылы ақ қағазға бастырып сурет салады.* *2- Қызыл жапырақтар тобы. Жапырақтарды саусақ арқылы бояу,* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.*** ***Саусақ жаттығуы:*** *Оң қолымда бес саусақ (Саусақтарын қимылдатады).* *Сол қолымда бес саусақ.* *Бесті беске қосқанда* *Болып шықты он саусақ.* *Жеке көмек.* *Балалардың жұмысын бақылау.* ***Галереяны шарлау.*** *Өз ара бағалау.* *Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау.*

	болады. ***Суретпен жұмыс.*** ***Жүзім*** *Жүзім туралы слайд қарау.* *Түсінік беру.* ***Үлгі арқылы жүзімнің жасалу жолдарын түсіндіреді****. Балаларға жүзімнің жапырақтарымен салынған суреті таратылады. Жұмсақ қол сүртетін қағаздарды алып оны бірнеше бөліктерге бөліп. Қағазды бөліп алады, умаждап домалақ пішінге келтіруге болатынын көрсетеу.* *Жеке көмек.* ***Сергіту сәті.*** *Алма баққа барайық* *Алма теріп алайық* *Ең үлкенін жақсысын* *Ажемізге сыйлайық* ***Жеке көмек.*** ***Мадақтау.*** ***Қорытынды:*** *Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау.* *Балаларды мадақтау.* *Көңілді смайктер беру.* ***2.Дене шынықтыру*** *Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.* *Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:***	*Мақсаты: Балалар жинаған жапырақтарын ажыратады. (түсін, пішінін айтады)* ***Сергіту сәті.*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп – кішкентай ағаштар* *Біп – биік боп өседі.* *"**Күз белгісі неде? (Ойын)*** *Күзде жапырақтар… (сарғаяды)* *Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)* *Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)* *Күзде түн…(ұзарады)* *Күн…(қысқарады)* *Күзде жеміс-жидек… (піседі)* *Күзде жазғы демалыс біміп… (оқу басталады)* *Балаларды мадақтау* *Балабақшаға оралу.* ***Қорытынды.*** ***«Біз не білдік?» ойыны арқылы аяқтау.*** *Балаларды мадақтау.* ***3.Муызка*** *Педагог жоспары бойынша*	*жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады.* *-Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер?* *-Дөңгелектен айырмашылығы?* *-Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды?* ***Сергіту сәті*** *Қорбаңдаған аюдың ,* *Құлпынайы көп екен,* *Теріп , теріп алайық ,* *Қалтамызға салайық.* *«**Кім зейінді»** дидактикалық ойыны.* *Үстел үстінде алма, алмұрт, шие, өрік, құлынай, және шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш, дөңгелектер араласып жатады.Заттарды зерттеп, екі топқа топтастыруды ұсыну.* *Балаларды мадақтау.* ***Қорытынды*** *Білмеспекпен қоштасу.* *Балаларды мадақтау.* ***Қорытынды.*** *Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау* ***2. Орыс тілі*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру.*** *Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру.* *Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату.Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу.* ***.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.*	*1- Сары жапырақтар тобына* *Күздің ерекшеліктерін тауып бер.* *-Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып алып, үлкен суретке сызықша арқылы көрсет.* *2- Жасыл жапырақтар тобына* ***Суретпен жұмыс.*** *Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдер?* *2- тапсырма. Жұмбақ шешу.* *1-Сары жапырақтар тобына* *1.Қанаты жоқ ұшады,* *Аяғы жоқ қашады. «жел»* *2.Ағайынды бәрі* *Шықса жасыл,* *Түссе сары «жапырақ»* *2- Жасыл жапырақтар тобына* *1.Аспаннан домалап,* *Көп моншақ төгілді* *Бусанып жон жонап,* *Терледі, керілді. «жаңбыр»* *2.Көзі жасты жылауық* *Келе жатыр, бір алып,* *Жабырқаса, жылайды,* *Жадыраса құлайды. «Бұлт»* *.**Сергіту сәті.*** *Жаңбыр жауды,* *Тық-тық-тық.* *Сен көшеге шық-шық-шық.* *Жел соғады гу-гу-гу,* *Жапырақтар ұшты ду-ду-ду* *Құйын тұрды ой-ой-ой* *Билеп кетті жапырақтар.* ***«Даналық ағашы » ойыны.*** *Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.* *Алтын күзбен қоштасу.* *«Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*	***2.Дене шынықтыру*** *Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру.* *Қимылының бағытын сақтап, төрт тағандап еңбектеу. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеу****.*** ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру.* *Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *«Күн- түн»* *1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.* *«Иілгіштер»* *2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.* *«Балапан қанатын қақты»* *3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,* *«Айнаны сүрту»* *4. Аяқтарды біріктіреміз,*

	Жалпы дамыту жаттығулар: *«Күн- түн»* *1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.* *«Иілгіштер»* *2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.* *«Балапан қанатын қақты»* *3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,* *«Айнаны сүрту»* *4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.* *«Көбелек ұстау»* *5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.* *Б.қ.: «Серіппе»* *6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.* *Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. қос аяқпен секіру.* *2. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату* ***Қимылды ойын:*** *«Кім жоқ» ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*		*Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** ***Таяқшамен жаттығу.*** *Б.қ.: «Сағаттар»* *1. Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту.* *Б. қ.: «Су тасушы»* *2. Аяқтары алшақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру.* *Б.қ.: «Терезе»* *3. Аяқтары алшақ қойылған қолға таяқшаны алып, аяқты айқастыра тұрып, денені оңға-солға бұрады./6 рет қайталау/* *Б.қ.: «Атлет»* *4. Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында.1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, тұрып қолды төмен түсіреді.* *Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»* *5. Аяқтарын алшақ қою, таяқша кеуде тұсында; екі қолмен таяқшаны ұстап, серіппелі қимылмен отырып - тұру.* *Б.қ.: «Велосипедші»* *6. Аяқтарын алшақ қою, таяқшаны бел тұсында ұстау; 10 рет маршпен жүру, Маршпен жүру.* *Тыныс алу жаттығулары: «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.* *Бастапқы қалыпқа келу.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:***		*қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.* *«Көбелек ұстау»* *5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.* *Б.қ.: «Серіппе»* *6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.* *Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1.Заттар арасынан төрт тағандап еңбектеу.* *2.Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Поезд».ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру* *.Балаларды мадақтау.* .

			жаттығулары *1.Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату.* *2. төрт тағандап еңбектеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Кім бірінші келеді» ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*		
Серуенге дайындық 10.00-10.20.	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20.- 12.00	***Картотека № 22*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 21*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №20*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №22*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №23*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.00 - 12.20	*Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,* *Сабынмен қол жуамыз,* *Таза болды мұнтаздай,* *Тағамға қол созамыз.* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.20 - 13.00	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*				
Ұйқы 13.00- 15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралар 15.10 - 15.40	***№18*** *Картотека қосымша тігілген*	***№19*** *Картотека қосымша тігілген*	***№20*** *Картотека қосымша тігілген*	***№21*** *Картотека қосымша тігілген*	***№22*** *Картотека қосымша тігілген*
Бесін ас 15.40 - 16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Суретр тамашалау*** *Күзгі орманға* *Сурет көрсете отырып, балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерін айту* ***жеке жұмыс*** *Тілін дамтыу.* *. Ойын "Интервью". сұхбат әңгіме жүргізу*	***Дидактикалық ойын:*** *«Суретші қай жерде қателесті»* *Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.* ***Тіл ұстарту жаттығуы:*** *Баудағы не? Ара болсаң ызыңда* *З-з-з,ж-ж-ж,з-з-з,ж-ж-ж* *Жұмыс істе тығылма,*	***Логикалық тапсырмалар. Мақсаты:*** *Бірдей заттарды ұқсастығы бойынша табу*	***Жұмбақ жарысы*** *Мақсаты:* *Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.* ***жеке жұмыс*** *Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету*	***«Мимикалық жаттығу»*** ***Мақсаты:*** *балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.*

16.00 - 16.30		*-Ара қалай дыбыстайды? (з-з-з) (Қатты , жай)*			
Серуенге дайындық 16.30 – 16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 16.50 – 17.40	***Серуен №24*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен № 25*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Серуен № 26*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №27*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №28*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40 – 18.30	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*

БЕКІТЕМІН.

МКҚК «Ақжылым»

Б/б меңгерушісі С.Әзімова


ЦИКЛОГРАММА
«АЙГӨЛЕК» ОРТАҢҒЫ ТОП
ҚАРАША АЙЫ


2021-2022 оқу жылы

ЦИКЛОГРАММА
I апта (Қараша 2021ж.)
«Айгөлек» Ортаңғы тобы
01.11.-05.11.2021ж

Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау
Тақырыпша: "Өзім туралы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11.	Сейсенбі 02.11.	Сәрсенбі 03.11.	Бейсенбі 04.11.	Жұма 05.11.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*Дидактикалық ойын: «Дұрыс, дұрыс емес» Мақсаты:Дұрыс және дұрыс емес іс-әрекеттерді айта отырып, балалардың жауаптарын тыңдау*	*Дидактикалық ойын: «Менің қасиеттерім» М: Өз бойындағы жақсы қасиеттердіатай білуге үйрету.*	*Дидактикалық ойын: : «Қайда өседі?» Мақсаты: балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге, олардың қайда өсетіндігін анықтай алуға үйрету.*	*Дидактикалық ойын «Не өзгерді» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін арттыру*	*Үстел үсті ойыны «Мозайка» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 8*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30 -8.50	***Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*** ***Ойын- жаттығу :*** *Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу	***1Қоршаған ортамен танысу.*** ***Тақырыбы:*** *Мен табиғатты қорғаймын.* ***Мақсаты:*** *Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді*	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Мен қандаймын?* ***Мақсаты:****Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөйлем*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Оң жақ – сол жақта. . Заттарды сәйкестендіру* ***Мақсаты:*** *Өзіне қатысты*	*1.**Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Мен табиғатты бақылай аламын.* ***Мақсаты:****Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбысын және*	*1.**Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Бұл мен* ***Мақсаты.*** *Дөңгелек пішінді заттардың суретін салу. Түстерді үйлестіре білуге үйрету. Ұқыптылыққа*

қызмет-тері 9.15 - 10.00	*суару). Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:****құыршақ,топ гүлдері* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері:*** *Қуанамын мен де,* *Қуанасың сен де,* *Қуанайық достарым* *Арайлап атқан күнге.* ***Миға шабуыл:*** *-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *-Табиғатта қандай өзгерістер байқалады?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Жұмбақ жасыру.* *- Адамдардың бәрі қызығады, су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? Дұрыс. Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз.* ***Тосын сәт****. Айгүл құыршақ келеді. Балалармен амандасады.* *Балалар ,мен де үйіме гүл өсіргім келеді, бірақ мен күту, баптау ережелерін білмеймін.* *Маған көмектесесіңдер ма?* *Балалар Айгүлге топтағы гүлдер туралы айтып берейік.* *-Балалар,гүлдер не үшін керек?* *-Егер гүлдер жоқ болса не болар еді?* *-Оларға күтім жасалмағанда не болар еді?* ***Ой дамыту.*** *Фикус гүлімен таныстыру* *Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен.* *Фикус гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады. Жапырағын ұстап, жылтыр, тегіс екенін айту.* *Алоэ гүлімен таныстыру* *Алоэның емдік қасиеті бар, дәрі-дәрмек. Егерде, жүгіріп бара*	*құрастырып айту дағдыларын қалыптастыру.Өз өзіне қызмет етуге тәрбиелеу* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *күз мезгілінің суреті, микрафон, АКТ* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Ұйымдастыру.*** *Балалар бір жылда неше мезгіл бар?* *-Қазр жылдың қай мезгілі?* *-Күз мезгілінің ерекшеліктерін сұрау?* ***Ойын:****«Мен қандаймын?» жаттығуы.* *-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.* *-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.* *-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.* *-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.* *-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ.* ***Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс: «Темперамент»***  *АКТ арқылы төрт түрлі суретті бақылайды. Суретте әр түрлі темпераменттегі көріністер берілген. Балалар өздерінің түсініктері бойынша сипаттайды.* ***Микрафон әдісі*** *«Менің жағымды –*	*кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру. Оң қолы мен сол қолын ажырата алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *қоян ойыншық, қызыл,көк, жасыл түстер,әр түрлі ойыншықтар* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»* *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз,* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* ***«Түстер мен заттар» ойыны.*** *Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт****.Қоян келеді.* *Қоянмен ойын.* ***«Не қайда тұр»ойыны.*** *-Менің сол жағымда не отыр?* *-Менің оң жағымда қандай аң отыр?* *Балалардың жауаптары.* ***Ой дамыту.*** *Оң, сол ұғымдары туралы түсінік беру.* *Балаларды мадқтау.* *Смайлк беру.* ***Балаларды түстер бойынша топқа бөлу.*** *1-топ қызыл түс* *2- топ көк түс* *3-топ жасыл түс.* *Әр топқа тапсырма беру.* *Тапсырма шарты: шашылып жатырған ойыншықтарды түстеріне қарай сөрелерге орналастыру (жоғарыға қызыл ойыншықтар,ортасына жасыл*	*жануарлардың дауыстарын есті білуді үйрету.* *Табиғат құбылысының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру.Табиғатқа қамқор болуға баулу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** ***АКТ, құыршақ*** ***Оқу қызметінің барысы:*** ***1.Шаттық шеңбер:*** *Армысың, шапағатты, Күн ана* *Армысың қайырымды, Аспан ана* *Армысың мейірімді, Жер ана* *Армысың менің достарым.* ***Мнемотехника.****Күз мезгілі* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Айгүл келеді.* *Табиғат құбылыстары туралы білгісі келетінін айтады.* ***Ой қозғау.*** *Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну.* *Күн неге жарқырайды?* *Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?* *Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?* ***Ой дамыту*** *Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)* *-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.* ***АКТ*** *технологиясы* *Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету.* ***Сурет бойынша әңгіме құрастыру.****Слайд. Көрсету.*  ***Сергіту сәті:***	***тәрбиелеу.*** ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *портрет, айна, бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері:*** *Бақшамызға барғанда* *Жолыққан бар жандарға.* *Ертемен ақ пейілмен,* *«Қайырлы таң» деймін мен* ***«Доп лақтыру әдісі»*** *Жыл мезгілі,ай атын,апта күнін сұрау.* ***Суретпен жұмыс*** *Отбасы.* ***Сұрақтар ілмегі .-*** *Балалар суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?* *- Бір сөзбен қалай атауға болады?* *Балалардың жауаптары.* ***Қызық оқиға.*** *Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен. Оны* ***автопортрет*** *деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен.* ***Ой дамыту.*** ***Шығармашылық ортаға саяхат.*** *Портреттерге назар аударайық.* *Онда кімнің суреті салынған? (Ананың).* *Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды*

Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*Ойын «Кім күшті?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика .* *.*	*Құрылыс ойындары «Спорттық құралдар»,*	*Фотосуреттер қарастыру «Мен күштімін,ептімін».* *Фотосуретте бейнеленген спортық заттарды атау.*	*Ертегі оқып беру. «Шалқан» ертегісі.*	*Үстел үсті ойыны – пазл: «Күн тәртібі »* *Балалармен күн тәртібі туралы әңгімелесу.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 11*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30 -8.50	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.15 - 10.00	***1.Құрастыру.*** ***Тақырыбы.*** *Үй құрастыру* ***Мақсаты:*** *Лего ойыншықтарынан үй құрастыру. Балаларды достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *лего ойыншықтары,құрылыс материалдары.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Біздің топтың ұл- қыздары,* *Тату тәтті ойнайды.* *Әлемдегі бар адамға,* *Тек жақсылық ойлайды.* *Жыл мезгілін,ай атын,апта күнін*	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Біз дәрігерде қонақта болдық.* ***Мақаты:*** *Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *дәріігердің құралдары*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Заттардың орналасу орнын анықтау. Шеңбер, сопақша.* ***Мақсаты:****Заттар шеңбер дің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету. Әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету.Тапқырлыққа тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар****: пішіндер, ойыншықтар* ***Оқу қызметінің барысы:***	***1. Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Жануарларға күтімді қалай жасау қажет?* ***Мақсаты:****Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білуге дағдыландыру. Қамқор болуға тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бейнетаспа, үй жануарлары, төлдері* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***1.Шаттық шеңбері:*** *«Жылы сөздер»*	***1.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Кесені әшекейлеу* ***Мақсаты:*** *Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету.* *Қылқаламмен жұмыс істеуді, ой-қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *әр балаға ақ қағаз,бояу,қылқалам,кесе үлгісі,ою өрнек*

	сұрау. ***Суретпен жұмыс:*** *-Балаларға суретті көрсетіп ,талдау жасау.* ***Ой қозғау.*** *Балалар сендер мына суретте не көріп тұрсыңдар?* *Үйлер қандай екен?* *Үйді жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек ?* *Үйді кім салады?* ***Дидактикалық ойын.*** *«Құрлысшылар үй салады»* ***Топқа бөлу.*** *Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу.* *1-топ Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру* *2-топ құрылыс материалдарынан 2 қабатты үй құрастыру* ***Үй құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.*** *Бір қабатты үйге төрт текше,екі үшбұрыш керек және оны қалай қою керек екенін түсіндіру.* *Ал көп қабатты үй жасау үшін бірнеше текшелер, бірнеше кірпіштер қажет болады. Ол үшін текшелерді түстеріне сәйкес орналастыру керек,екі қызыл текше, оның үстіне ұзын сары түсті кірпіш қойылады,оның үстіне екі жасыл түсті текше қойып, сары кірпішті орналастырып, оның үстіне көк түсті үшбұрыштарды қоямыз, сонда көп қабатты үй дайын болады.* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *Бақылау, жеке көмек көрсету.* *Балаларды мадақтау.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Бұл қай пішінге ұқсайтың зат?»* *Пішіндер қандай болады?* *Олар бір -біріне ұқсайды ма?*	***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Ұйымдастыру.* *-Қазір жылдың қай мезгілі ?* *Аптаның нешінші күні?* *-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?* ***Тақпақ оқу.Ө.Тұрманжанов.*** *Ақ халатты киемін,* *Аппақ болып жүремін* *Аппақ болып жүргенді* *Өзім жақсы сүйемін.* *Балалар, тақпақ кім жайлы?* ***Медбикенің бөлмесіне саяхат жасау.*** *Медбике мен таныстыру.* *Медбике дәрі,иод, мақта, температура өлшейтін заттарды көрсетіп таныстырады.* ***Ой дамыту.*** *Дәрігер туралы түсінік беру.* *Алғашқы көмек көрсету.* *Топқа оралу.* ***Ой қозғау.*** *Сұрақтар қою.* *Жаңа біздер дәрігер бөлмесіне барып, ол бөлмедегі заттармен танысып келдік.* *-Дәрігер бөлмесінен не көрдік?* *-Дәрігер не істейді?* *дәрігерге арналған тақпақты қайталайық.* ***Бір қадам әдісі арқылы жаттау.*** *Ақ халатты киемін,* *Аппақ болып жүремін* *Аппақ болып жүргенді* *Өзім жақсы сүйемін.* *Балаларды мадақтау.* ***Сергіту сәті:***	***Шаттық шеңбер*** *Армысың Алтын күн!* *Армысың ашық аспан,* *Армысың Жер ана!* *Қайырлы таң достарым!* ***Кубизм әдісі*** *арқылы жыл мезгілін сұрау.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Тосын сәт.* *Балалар, бізге қонаққа пішіндер келіпті. Олардың тапсырмалалары бар екен.* ***Ой қозғау.*** *Қараңдаршы мыналар қандай пішіндер?* *Дұрыс шеңбер мен сопақша.* ***Ұнаған пішіндерін алып топқа бөлу.*** ***1-топқа тапсырма:*** *«Геометриялық лото» ойыны. М. Монтессори технологиясымен жұмыс.* *Балалар пішіндерге ұқсас заттарды жабыстырып қояды.* ***2-топқа тапсырма:*** ***Тақтамен жұмыс.*** ***«Көп және біреу»*** *дидактикалық ойыны. Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.* ***Дидактикалық ойын.*** *«Пішіндерден жануарларды құрастыр»* *1-топқа тапсырма.* *Пішіндерден қоянды құрастырады* *2-топ пішіндерден аюды құрастырады* ***Сергіту сәті*** *Қорбаңдаған аюдың ,* *Құлпынайы көп екен,* *Теріп , теріп алайық ,* *Қалтамызға салайық.* ***«Кім зейінді»*** *дидактикалық ойыны.*	*Балалар шеңбер бойымен тұрып, өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады.* ***Бейнетаспа көрсету.*** *Бейнетаспадан не көрдіңдер?*  *Неліктен бұларды үй жануарлары дейміз?* *Үй жануарлары қайда тұрады?* *Үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз?* *Олардың төлдері қалай аталады?* *Түйенің төлі ботақан,* *Жылқының төлі құлын* *Ешкінің төлі лақ,* *Қойдың төлі қозы,* *Сиырдың төлі бұзау.* *Өзекті сұрақ: Жануарлар адамға не үшін қажет?Не береді?* *Тірек сызба*  *Балаларды 2 топқа бөлу.* *1 - топпен «Жануарлардың төлдерін тап» ойыны (суреттен үй жануарларын төлдерын сәйкестендіреді)* *2 – топпен «Жануарларды мекеніне орналастыр» ойыны* *Дидактикалық ойын: « Даусынан таны » Сиқырлы үнтаспаны тындату*	***Оқу қызметінің барысы:*** ***Ұйымдастыру.*** *«Күннің көзі»ойыны* *Балалар жақсы тілек айтып күннің көзінің шапағын тақтаға жапсырады.* ***Әңгімелесу.*** *Балалардан қандай ыдыс аяқ түрлерін білетіндерін сұраймын* ***.Ой қозғау.*** *Мына суретте не көріп тұрсыңдар?(кесе)* *Кесеге не құйып ішеміз?* *қандай пішінге ұқсайды?* *Кесені қалай әшекелеуге болады?(нүктелермен,сызы қтармен,иректермен)* *Бүгінігі оқу қызметінде ою-өрнекпен әшекейленген кеселердің суретінін салатынын айту.* *Балаларға жұмысты түсіндіру.* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.*** *Қылқалам ұшымен жиектерін жіңішкерек етіп осы түспен қоюлау бояп, түбін жиектеріне қарағанда жалпағырақ көлемде бояп, сәл кептіреді.* *-жиектеріне ирек, су, ортасына қызғалдақ* ***Сергіту сәті*** *Ал балалар тұрайық,* *Мойнымызды бұрайық.* *Қолымызды созайық,* *Жел сияқты қалықта,* *Оңға,солға иіліп* *Денемізді бұрайық.* *Жеке көмек.* *Балалардың жұмысын бақылау.* ***Галереяны шарлау.***

	Қорытынды: *Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау.* *Балаларды мадақтау.* *Көңілді смайктер беру.* ***2.Дене шынықтыру*** *Бір минут баяу қарқында жүгіру.* *Тепе-теңдікті сақтап жүру.* *Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Б. қ:* *1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтермеу керек , басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау)* *Б. қ.:* *2. Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. / 5 рет қайталау/* *Б. қ.:* *3. Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1- оң жаққа еңкею, 2-б.қ.* *3 – сол жаққа еңкею, 4-қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ.* */5рет қайталау/* *Б. қ.:* *4. Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1- қолымыз басымызда, 2-қолымыз жоғары, оң аяғымызды*	*Оңға, оңға түзу тұр.* *Солға, солға түзу тұр.* *Жоғары-төмен қарайық* *Орнымызды табайық.* ***«Дәрігер» мазмұнды рөлді ойыны.*** *Балалар рөлдерге бөлініп ойнайды.* ***Қорытынды.*** *Балалар, біздің денсаулығымызға кім қамқор болады?* *-Біз бүгін қайда бардық?* *-Біздің медбикенің аты кім?* *Балаларды мадақтау.* . ***3.Муызка*** *Педагог жоспары бойынша*	*Үстел үстінде пішіндер және соған ұқсас заттар.* *Балалар пішіндерге сәкес заттарды анықтап топтастырады.* *Балаларды мадақтау.* ***Қорытынды*** *Балалар бізге қонаққа не келді?* *Қандай пішіндер келіпті?* *Қандай ойын ойнадық?* *Қандай тапсырманы орындадық?* *Нені құрастырдық?* *Балаларды мадақтау.* ***2. Орыс тілі*** *Педагог жоспары бойнша* ***3.Дене шынықтыру.*** *Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру. Арқан жіптің үстімен жүру.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру* ***.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Таяқшамен жаттығу* *1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ..5-6 рет.* *2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.қ 5рет* *3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше*	*(жануарлардың даусынан не екенің табады)* *Сергіту сәті.* *Секірейік, жүгірейік* *(бір орында секіру, жүгіру)* *Ку анайық, күлейік* *(бір – біріне қарап күлімсіреу)* *Отырайық, дем алайық* *(жүресінен отыру, дем алу)* *Дем алып – ап, жүрейік* *(тұру, бір орында жүру)* *«Не жоқ» ойыны.* *Шарты: Үстелдің үстіне ойыншық үй жануарларын қойып. Сол ойыншықтың ішінен,бір ойыншықты алып тастап,жоқ ойыншықты тапқызу.* *Қорытынды* *-Балалар бүгін біздер не туралы әңгімеледік?* *-Үй жануарларына не жатады?* *-Не себепті үй жануарлары дейміз?* *Балаларды мадақтау.* *Жұлдызша беру.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойнша*	*Өз ара бағалау.* *Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау.* ***2.Дене шынықтыру*** *Бір қалыппен 40–50 метрге жүгіру. Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Сапты қайтадан құру.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Б. қ:* *1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтермеу керек , басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау)* *Б. қ.:* *2. Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. / 5 рет қайталау/* *Б. қ.:* *3. Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1-оң жаққа еңкею, 2- б.қ.* *3 – сол жаққа еңкею, 4-*

	артқа қойып, өкшемізді көтереміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай қайталау. / 5рет қайталау/ *Б. қ.:* *5. Аяқтарды біріктіріп ұстау, орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру .* *Б. қ.: «* *6. Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/.* ***Тыныс алу жаттығуы:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу***.** ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.* *2.Тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату* ***Қимылды ойын:*** *«Қу түлкі» ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*		*еңкею.Түзулену.5-брет* *4.Аяқты алшақ созып отыру. Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу* *5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.* *Тыныс алу жаттығулары: Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *жаттығулары* *1.Арқан жіптің үстімен жүру.* *2.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру* ***Қимылды ойын:*** *«Қояндармен түлкі» ойын шартымен таныстыру.* *Балаларды мадақтау.*		*қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ. /5рет қайталау/* *Б. қ.:* *4. Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1- қолымыз басымызда, 2- қолымыз жоғары, оң аяғымызды артқа қойып, өкшемізді көтереміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай қайталау. / 5рет қайталау/* *Б. қ.:* *5. Аяқтарды біріктіріп ұстау, орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру .* *Б. қ.: «* *6. Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/.* ***Тыныс алу жаттығуы:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу***.** ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1.Заттар арасынан төрт тағандап еңбектеу.* *2.Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Қу түлкі».ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру* *Балаларды мадақтау.* *.*
Серуенге дайындық 10.00-10.20.	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				

Серуен: 10.20- 12.00	***Картотека № 10*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 11*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №12*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №13*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №4*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.00 - 12.20	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.20 - 13.00	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*				
Ұйқы 13.00- 15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралар 15.10 - 15.40	***№22*** *Картотека қосымша тігілген*	***№23*** *Картотека қосымша тігілген*	***№24*** *Картотека қосымша тігілген*	***№25*** *Картотека қосымша тігілген*	***№26*** *Картотека қосымша тігілген*
Бесін ас 15.40 - 16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00 - 16.30	*Әнгіме құрастыру «Біз қандай спортты жақсы көреміз»* *Мақсаты: баланың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.*	*Сюжетті-рөлдік ойын «Асхана»;* *Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.*	*«Спорт» туралы әңгімелесу «Спорт»(сурет қарастыру)* *Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.*	*Ойын «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.*	*Ойындар /Психолог/* *Дидактикалық ойын «Атын атап бер»* *Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.*
Серуенге дайындық 16.30 – 16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 16.50 – 17.40	***Серуен №16*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен № 17*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Серуен № 18*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №19*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №20*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40 – 18.30	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту.*

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Ақ ұлым»

Б/б меңгерушісі _____ **С.Әзімова**

ЦИКЛОГРАММА
«АЙГӨЛЕК» ОРТАҢҒЫ ТОП
ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

2021-2022 оқу жылы

ЦИКЛОГРАММА
I апта (Желтоқсан 2021ж.)
«Айгөлек» Ортаңғы тобы
29.11-03-12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша. «Тарихқа саяхат»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11.	Сейсенбі 30.11.	Сәрсенбі 01.12.	Бейсенбі 02.12.	Жұма 03.12.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*«Астанаммен мақтанам!» Астан және оның көрікті жерлері туралы балалармен әңгіме. Ой пікірлерін тыңдау. Суреттер қарау.*	*Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.*	.	*Суретпен жұмыс «Суреттші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру*	*Менің Қазақстаным әңгіме жүргізу. Сұрақ – жауап.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 1*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30 -8.50	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* *Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.15 - 10.00	***1Қоршаған ортамен танысу.*** ***Тақырыбы:****Менің Отаным Қазақстан* ***Мақсаты:*** *Қазақстан кең-байтақ,бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру.Балалардың ойлау сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.*	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:****Менің Отаным.* ***Мақсаты:*** *Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүюге жетелеу.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *тақырыпқа сай суреттер* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері.*** *Арайлап таң атты*		*1.**Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Төрт түлік* ***Мақсаты:*** *Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *үй жануарлары төлдері және жабайы аңдар ойыншықтары.*	*1.**Сурет салу*** ***Тақырыбы:****Күн жарқырады* ***Мақсаты:*** *Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету. Қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру.* ***Қолданылатын көрнекі***

	Қолданылатын көрнекі құралдар:*Қазақстан Республикасының картасы,Астана туралы слайд,рәміздер ,президенттіңсуреті.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері:*** *Біз балдырған тең басқан,* *Дос құшағын кеңге ашқан.* *Тілегіміз әділдік,* *Ашық болсын кең аспан.* *Достық-өмір тірегі,* *Әр адамның тілегі.* ***Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.*** ***Мнемотехника Қыс мезгілі*** ***Қызығушылықтарын ояту*** *Тосын сәт. Саяхатшы келеді. Қазақстан елі туралы білгісі келетінін айтады.* ***Ой қозғау.*** *Сұрақ-жауап:* *-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз?* *-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?* *-Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады?* *-Ал, ауылымыз қалай аталады?* ***АКТ технологиясы.Слайд*** *Енді мына суреттер не көріп тұрсындар?* *-Бұл кім?* *-Мемлекеттік туда не бейнеленген?* *-Елтанбамызда не бейнеленген?* *-Ту мен елтанбаны көзбен көрдіңіз, ал әнұранды тұрып тындап айтайық.* ***Бейнетаспа қарау*** *Астана қаласына саяхат жасайық.* *Астананың көріктерін тамашалау* ***Сергіту сәті.*** *Тік ұста бойынды,* *Жоғары соз қолынды.*	*Алтын шуақ тарапты* *Қайырлы таң балалар* ***Ұйымдастыру:*** *Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.* ***Доп лақтыру арқылы сұрақ қою.*** *-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз?* *- Отан деген не?* *-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?* ***Ширату әдісі*** *Отан туралы өлең оқып беру.* ***Отан. Ж Әбдірашев.*** *«Отан - атам, Отан - әкем!»* *Осы сөзім қате мекен?!* *Қате болса,Неге біздер* *Дейміз оны «Атамекен?!»* *«Отан - әжем, Отан – анам!»* *Туған жер! деп,Ол бекерге аталмаған.....* *Атам, әжем, әкем, анам* *Төртеуі де «Отан!» маған* ***Ой дамыту*** *Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.* ***Сергіту сәті.*** *Ал балалар тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Бір отырып, бір тұрып,* *Жоғары-төмен қарайық.* *Бойымызға күш жинап,* *Бір секіріп алайық,* *Секіріп-секіріп алайық,* *Орнымызды табайық.* ***Ойын:*** *«Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек)* *Балаларды мадақтау.* *Қорытынды.* *Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау.* *Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау, мақтау.*		***ойыншықтары.*** ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Психологиялық сәт.*** *Мынау менің жүрегім,* *Осыдан бәрі басталған.* *Мынау басым ақылды,* *Барлық істі басқарған.* *Мынау менің он қолым,* *Мынау менің сол қолым.* *Барлық істі атқарған.* ***Мнемотехника.*** *Қыс мезгілі* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Хатшы хат әкеледі.* *Хатты оқу* *Қымбатты балалар! Бұл хатты сендерге Білім ханшайымы жазып отыр, бұл жай хат емес ішінде сиқырлы тапсырмалар бар. Балалар сендерді ақылды, білімді, тәртіпті деп естідім. Сендер менің тапсырмаларымды қызығушылықпен орындайсыңдар деп сенемін » - деп жазыпты.* *Балалар Білім ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба?* *Балалардың жауаптары* ***1-тапсырма.*** *Үн таспадан үй жауарларының дауыстарын тыңдату.* ***Ой қозғау.*** *Үй жануарларының қандай түрлерін білесіңдер?* *- Адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды?* *-Үй жануарларының қандай пайдасы бар?* *Ой дамыту.* *Суретпен жұмыс.* *Үй жануарларын тақтаға ілу.*	***құралдар:*** *Үлгі күн, бояу, қылқалам, ақ қағаз* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері:*** *Армысың көк аспан,* *Армысың жер ана,* *Армысың атын күн,* *Армысың балабақша,дос-жаран!* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *-Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?* *Ауа райын бақылау үшін терезенің алдына шақырамын.* ***Ой қозғау.*** *Аспанда әлемінде нені көрдік? (күн және бұлттың бейнесін көрсету)* *Аспанда күн бар ма?* *Күн көзі бізге не сыйлайды?* *-Күн қандай пішінге ұқсайды?* ***Ой дамыту*** *Күн туралы түсінік беру.* *Күн – бүкіл жер шарына, әлемге жарық, жылу беретін табиғат сыйы. Күнсіз адам тіршілік етуі мүмкін емес. Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін сәулелерден тұрады. Көрінбейтін сәулеге ультра күлгін сәуле жатады. Міне, солардың әсерінен біздің терімізде адам ағзасы үшін маңызды «Д» дәрумені болады.* ***Ой қозғау.*** *-балалар қазір қыс мезгілі күн жылуы аз.* *Өзіміз жарқыраған күннің суретін салайық деп балаларға ұсыныс айту.*

	Соз қолынды тағыда, *Жеткіз, кәне аспанға* *Сыйлық* *Саяхатшыға естелікке тудың суретін жасап берейік.* ***Шығармашылық орталықта жұмыс жасау.*** *Үлгі көрсету,түсіндіру.* ***Қорытынды.*** *Саяхатшы балаларға рахмет айтып қоштасады.* *Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау.* *Мадақтау.* ***2. Дене шынықтыру.*** *Жетекшімен ауыса отырып жүру және жүгіру. Сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан).* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Бқ. Қол белде басты оңға (солға) айналдыру* *БҚ. Қол иықта, иықты алға (артқа) айналдыру* *БҚ. Қол алда алақан жұмырдыққа түйілген жұмырдықты ішке (сыртқа) айналдыру. Шынтақты айналдыру, қолды алға (артқа) айналдыру.* *БҚ. Қол белде белді оң (солға) айналдыру* *БҚ. Қол тізеде тізені ішке (сыртқа) айналдыру* *БҚ. Тізе бірге оңға (солға) айналдыру*	***3.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*		 *Балаларға әңгімелету.* ***Ойын:*** *«Төлдерін, балаларын ата» ойыны.* ***2-тапсырма*** *«Сиқырлы қоржын» ойын* *-Балалар үй жануарларын және жабайы аңдар ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтады* *Балаларды мадқатау.* ***3-тапсырма*** *Сергіту сәті:* ***4-тапсрыма.*** *«Не артық?» ойыны ойналады.* *Балалардың алдына үй жануарлары мен жабайы аңдар аралас қойылады, балалар жабайы аңдарды алып тастау керек.* *Қалған жануарларды бір бірден сипаттайды.* *Балаларды мадақтау* *Қорытынды:* *Тыйым соз арқылы қорытындылау* *- Малды аяқпен тебуге болмайды;* *- Таяқпен маңдайына ұруға болмайды;* *- Малдың сүтіне түкіруге болмайды.* ***2.Жапсыру.*** ***Тақырыбы:*** *Поезд (ұжымдық жұмыс)* ***Мақсаты****: Коллаж, жапсыру, бүктеу өнері жайлы түсініктерін бекіту. Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне ұқыптап жапсырып, дұрыс орналастыруға*	*Балалардың жауаптары.* ***Топқа бөлу.*** *Үлкен ,кіші күн арқылы топқа бөлу.* *1-үлкен күн тобы бояумен сурет салады.* *2-кіші күн тобы алақанмен сурет салады.* ***Көрсету және түсіндіру.*** *Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету.* ***Сергіту сәті.*** *Біз кішкентай баламыз,* *(қолдарымен өзін көрсетеді)* *Өсіп - өніп, толамыз.* *(қолдарын екі жаққа созады)* *Күнге қарай талпынып,* *(алға бір қадам жасайды)* *Көкке қолды созамыз.* *(барлығы қолдарын жоғары қарай созады)* ***Сұрақтар ілмегі .*** *Балалар ненің суретін салдыңдар?* *Жұмыстарын бағалау* ***.Қорытынды*** *Көрме ұйымдастыру.* *Балалар салған суреттерін тақтаға әкеліп іледі.* *Суреттер талқыланып, балалар бір біріне баға беру.* *Балалар біз бүгін ненің суретін салдық?* *Қосымша толықтырулар енгізген балаларды мадақтау.* ***2.Дене шынықтыру*** *Бір қалыпты жүру, жүгіру.* *Қысқа секіртпемен секіру* *Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.* ***І.Кіріспе бөлім.***

	БҚ. Оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен орнында секіру. ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1 . Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру* *2.Басқа кішкентай қапшықтарды қойып ,заттарды аттап өту.* ***Қимылды ойын:*** *«Түсті автокөліктер»* *Ойын шартын түсіндіру.* *Балаларды мадақтау.*			*үйрету* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:****Түрлі-түсті екі пішіндегі (үлкен, кіші) төртбұрыш қағаздар, ұзын, үлкен форматты қағаз , қайшы, желім, қылқалам, фломастер (түрлі-түсті қарындаш).* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері.*** *"Бала,бала,баламыз"* *Е.Өтетілеуұлы.* *Бала,бала,баламыз,* *Бақшамызға барамыз.* *Күні бойы қызыққа* *Батамызда қаламыз!* ***Ойын: Поезд*** ***Ой қозғау.*** *Қандай ойын ойнадық?* *- Сендер көліктің қандай түрлерін білесіңдер?* *- Пойыз түрлерін атаңдар? - Жолаушылар мен жүк тасымалдаушы пойыздардың айырмашалығы неде?* *- Суретіне қарап әңгіме жүргізу.* ***Топқа бөлу.*** *Пішіндер арқылы.* *Балалар төрт топқа бөлініп бірінші топ вагондарды, екінші топ терезелерін, үшінші топ дөңгелектерін, төртінші топ жолдарын қияды.* *Жапсыру мазмұнын қосымша бөліктермен толықтырады.* ***Сергіту сәті:*** *Орнымыздан тұрайық,* *Қолды алға созайық.* *Бір отырып,бір тұрып,* *Жоғары, төмен қарайық,* *Орнымызды табайық.* ***Қорытынды.*** *соңында, балалар өздерінің жұмыстары жайлы әңгіме құрастырып, «Көңілді пойыз» тіркемесін құрап, тақтаға іледі..*	*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру* *2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру* *3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру* *2. 2 қолды алдына апару* *3. 2 қолды жанына апару* *4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу* *5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру* *6. Терең дем алу* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1 Қысқа секіртпемен секіру* *2.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Балапандар мен мысық»»ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру.* *Балаларды мадақтау.*

				«Вагондарға дөңгелек таңдау» Дидактикалық ойын арқылы аяқтау	
Серуенге дайындық 10.00-10.20	*Жүйелі киініп серуенге шығу . дұрыс киінеді»* *Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу*				*Ойын жаттығу: «Кім*
Серуен: 10.20- 12.00	***Картотека №1*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №2*** *Картотека қосымша тіркелген*		***Картотека № 3*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 4*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.00 - 12.20	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.20 - 13.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы 13.00- 15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралар 15.10 - 15.40	***№ 1*** *Картотека қосымша тігілген*	***№ 2*** *Картотека қосымша тігілген*		***№ 3*** *Картотека қосымша тігілген*	***№4*** *Картотека қосымша тігілген*
Бесін ас 15.40 - 16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00 - 16.30	*Монтессори технологиясы Сенсорлық даму аймағы: Геометриялық фигуралардан белгілі бір композицияны құрастырып шығару.*	*М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Геометриялық пішіндермен құрастыру жұмыстарын жүргізу.*		*Әңгіме құрастыру «Өрт қауіпсіздігі» Мақсаты: баланы жеке бас қауісіздігіне тәрбиелеу. «Сіріңкемен және оттықпен ойнама.»*	*М. Монтессори технологиясы Математикалық аймақ: Заттардың биіктігін, ұзын, қысқа, салмағы, түр -түсін, үлкен - кіші қасиеттерін ажырату.*
Серуенге дайындық 16.30 – 16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				



Серуен **16.50 – 17.40**	***Серуен №5*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен № 6*** *Картотека қосымша тіркелген*		***Серуен №7*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №8*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы **17.40 – 18.30**	*Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*	*Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.*		*Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

ЦИКЛОГРАММА
II апта (Желтоқсан айы 2021ж.)
«Айгөлек» Ортаңғы тобы
06.12.-10.12.2021ж

Өтпелі тақырып:«Менің Қазақстаным»
Тақырыпша: «Туған өлкем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.12.	Сейсенбі 07.12.	Сәрсенбі 08.12.	Бейсенбі 09.12.	Жұма 10.12.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	*Әңгімелесу:«Жеріміздің байлығы.» Мақсаты: Қоршаған ортаның табиғаты туралы білімдерін кеңейту.*	*Музыка тыңдау. «Қазақ күйін тыңдау» Мақсаты: Ұлттық күйімен таныстыруды жалғастыру.*	*Дидактикалвық ойын: «Ойлан, тап» Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.*	*Дидактикалық ойын: "Бұл не?". Мақсаты:Суретке қарап не зат екенін ажырата білу.*	*Тақпақ жаттау. Отан деген – Атамекен Отын деген - туған жер Отан - Ана Отан - үлкен Қазақстан туған ел.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 2*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30-8.50	*Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».* *Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.* *Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 8.50 – 9.15	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.15 - 10.00	***1. Құрастыру*** ***Тақырыбы: Достық үйі*** ***Мақсаты:*** *Конструктор дан ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді ұқыпты құрастыру.Достыққа тәрбиелеу..* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Конструтор*	***1. Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Біз тұратын ауыл* ***Мақсаты:*** *Өздернің ауылы туралы әңгімелеп беруге үйрету. .Сөйлеу тілін дамыту.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:****АКТ*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы.****Тәулік бөліктері* ***Мақсаты.****Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *АКТ технологиясы. Тәулік суреттері* ***Оқу қызметінің барысы:***	***1. Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы аңдар* ***Мақсаты:****Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету*	***1.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Байтерек* ***Мақсаты:****Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, бәйтеректің суретін салу және оны бояуға үйрету.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *ақ қағаз, түрлі*

	Оқу қызметінің барысы: ***Шаттық шеңбер*** *Қуан шаттан, алақай! Қуанатын келді күн, Қайырлы тан! Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***АКТ технологиясы.*** *Ғимараттар* ***Ой қозғау.*** *Балалар ненің ғимараттарын тамашаладық.* *Дүрыс, балабақша, аурухана,музей, мектеп ғимараттарын тамашаладық* ***Балабақша ғимаратын құрастыру.*** *Үлгі көрсету.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек.* *Сергіту сәті* *Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.* *Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.* *Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,* *Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.* *Алға, артқа қарадық та – үш дедік.* *Тағы жаңа жаттығулар жасадық.* *Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,* *Отырайық көңілді енді марқайтып.* ***Қорытынды.*** *Балалардың жұмыстарын бағалау.* *Мадақтау.* ***2. Дене шынықтыру.*** *Баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Шеңбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-*	*технологиясы Слайд* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Армысың, шапағатты күн-ана!* *Армысың, шапағатты аспан-ана!* *Құт дарытқан елімізге, жерімізге* *Армысың, мейірімді Жер-ана* ***Әңгімелесу.*** *Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы әңгімелесеміз.* ***Ой қозғау.*** *Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ?* *Көшелеріңізді аты қалай аталады?* *Ауылда қандай ғимараттар бар?* *Балалардың жауаптарын тыңдау.* *Ал, балалар, енді мына бейне роликке назарларыңды аударыңдар.* ***АКТ технологиясы.*** *Мына бейне роликте сендер нені көрдіңдер?* *Балалар, көрдіңдер ме біздің ауылымыз көптеген үйлер мен әдемі ғимараттар мен көркейді.* *Бұның бәрін бізге кімдер салып береді?* ***Сергіту сәті.*** *Қара жорға әні мен бой сергіту.* ***Шығармашылық орталықта жұмыс.*** *Балаларға ауылымыздың табиғатының суретін*	***Шаттық шеңбер.*** ***«Таң».*** *Қайырлы тан атты,* *Шуағын таратты.* *Достарым қасымда,* *Олармен көңілді* *Сұрақ қою.* *Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?* *Қыс мезгілінің ерекшеліктерін кім айтады?* ***Ширату әдісі.*** *«Бұл қай кезде болады» жұмбақ жасыру.* *Тәулік бөліктері туралы.* *Ұйқымыздан тұрамыз* *Беті-қолды жуамыз* *Әкемізге ереміз,* *Бақшамызға келеміз* *Бұл қай кез болады балалар?* ***(таңертең)*** *Сабақ оқып, ойын ойнап,* *Серуендеп қайтамын* *Тамағымды ішіп* *Түсте ұйықтап жатамын.* ***(Күндіз)*** *Біз тәртіпті баламыз* *Сабақты да оқимыз* *Серуенге шығамыз,қыдырамыз* *Бұл қай кез?* ***(Түс)*** *Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуып* *Төсекті жинап тазалықты сақтап,* *Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын* *Бұл қай кез?* ***(Бесін)*** *· Күн батады қызарып,* *Мамамызды күтеміз* *Бұл қай кез?* ***(Кеш)*** *-Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші.* *Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн* ***АКТ технологиясы***	***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бейнетаспа,(арқар, барыс, саршұнақ, дала тасбақасы, қосаяқ, құлан суреттері); тау, далатабиғат көрінісіндегі жануарлар суреті.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***1.Шаттық шеңбер*** *Амансынба Алтын Күн!* *Амансынба Жер Ана!* *Амансынба достарым,* *Сендерді көрсем қуанам!* *«Кім тез айтады» ойыны.* *Балалар жыл мезгілін,апта күнін айтады.* ***2.Бейнетаспа. Қазақстан жері.*** *-Балалар, біздің жеріміздің табиғатына қараңдаршы(таудың, даланың әдемі табиғат көрісінісі көрсетеледі).* *Қазақстан жері туралы мағлумат беру.* *Біздің жеріміз кең-байтақ. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу.Асқар тау,мөп-мөлдір көлдер,неше түрлі өсімдіктер өседі.Жан-жануарлардың алуан түрі тіршілік етеді.* ***Балалар мына жануарларды білесіңдерма?*** *АКТ* ***(арқар барыс, қосаяқ, құлан, дала тасбақасы):*** ***Алтай арқары****- өте бағалы аң.Биік тау беткейлерін мекендейді.Шөптесіп өсімдіктермен қоректенеді.Ол бағалы аң болғандықтан оны аулауға тыйым салынған.* ***Барыс-мысық тұқымдас жыртқыш аң****.Ол басын мәңгі қар басқан тауларды мекендейді.Оның терісі бағалы.Қимылы жылдам, епті.*	*түсті карандаштар* ***Оқу қызметінің барысы:*** *Ұйымдастыру: Балалардан жыл мезгілін,апта к.нді,ай атын сұрау.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, айтыңдаршы, біздің Республикамыз, яғни еліміз қалай аталады?* *- Елбасымыз кім?* *- Мемлекеттік Рәміздерді кім айтады??* *-Жарайсыңдар, елордамыз қай қала?* *Астанада не бар?* *Ал онда Астанаға саяхат жасайық.* ***АКТ технологиясы.*** *Слайд.* *Байтерек туралы түсінік беру.* ***Бәйтерек*** *-Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.* ***Балабақшаға оралу.*** *Балалар олай болса саяхаттан алған әсерлерімізді соның ішінде ең қатты ұнаған «Бәйтерек» мұнарасын суретін салайық.* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.*** ***Сергіту сәті.*** *Біз кішкентай баламыз* *Өсіп-өніп толамыз* *Күнге қарай талпынып* *Көкке қолды созамыз* *Қанат қағып ұшамыз*

	теңдікті сақтап жүруге үйрету. ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *(таяқшалар)* *«Біз күштіміз!»* *Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.* *1.Екі қолды алға созып* *2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.* *3.Бір қатарға келу.* *«Біз барлаушымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.* *1.Қос қолды жоғары көтеру.* *2.Денені бұрып – оңға иілу* *3.Денені бұрып – солға иілу.* *4.Б.қ. келу* *«Біз штангашымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* *1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау* *2. Таяқшаны жоғары көтеру.* *3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.* *4.Б.қ. келу.* *«Бізептіміз!»* *Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.* *1.Қос қол белде.* *2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру* *3.Б.қ. келу* ***Тыныс алу:*** *1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.* *2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп,*	*салдыру.* *Балаларды мадақтау.* *Қорытынды.* *Ойын: «Біздің ауыл қандай?» ойынымен аяқтау.* ***2.Бәрін білгім келеді (В)*** ***Тақырыбы:*** *Екі сараң қонжық* ***Мақсаты:*** *Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу.Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** *1.Ұйымдастыру:* *1.Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»* *Мақсаты:Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.* *- Балалар сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?* *Қандай ертегі білесіңдер?* *Олай болса бүгін біз ертегі еліне саяхат жасаймыз. Бірақ ол алыста ғой, қалай ойлайсыңдар ол жаққа қалай тез жетуге болады?* *Балалардың жауаптары.* ***- Ертегі еліне жету үшін мына сиқырлы таяқшаны қолдану.*** *Кәне, сыйқырлы таяқша бізді ертегі еліне тез жеткіз! - Көзімізді ашамыз, қараңдар біз ертегі еліне келдік* *Балалар, қараңдаршы мұнда не жатқанын? - Бұл сандықша ғой! Ішінде*	***Слайд.*** *Күндіз,түс,кеш,түн. Түсіндіру.* ***Сергіту сәті.*** *Бір деп- тік тұрамыз* *Екі деп -екі рет айналамыз,* *Үш деп- үш рет секіріп.* *Төрт –дегенде отырамыз!****«Кім бірінші» ойын.*** *1.Дүкеннен анам 2 допты алып келді,оның біреуін ініме бердім.Менде неше доп қалды?* *2.Қоянда неше құлақ бар?* *3.Себетте 2 алма,табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?* *Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау.* *Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»* *Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды.* *Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма беру* ***Қорытынды.*** ***«Бұл қашан болады?»*** *ойынын арқылы қорытындылау.* ***Ойын шарты:*** *Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.*    	 *Жемістігін қуғанда 7-8м биітікке дейін секіреді.Олар ойынпаз, қарға аунап ойнағанды жақсы көреді.Қазақ ежелден барыстың тектілігі, батылдығын пір тұтқан.* ***Қосаяқ-кішкентай кеміргіш аң.*** *Балқаш өңірінде тіршілік етеді.Сирек кездеседі.Ол өсімдік дәнімен , жемісімен, қоңыз, шегірткемен қоректенеді.Қыстай денесіне жинаған майымен қоректеніп, ұйықтап жатады.*  ***Дала тасбақасы шөлде жерлерді мекендейді****.Ол қауіп төнгенде , басын сауытының ішіне жиып алады.150 жылдай тіршілік етеді.Өсімдіктермен қоректенеді.Жылына 3-4 ай ояу, қалған уақытта ұйқыда болады.* ***Сергіту сәті.*** *Күн төккен нұрынан* *Биік болып өсеміз* *Денемізді тік ұстап* *Дөңгелене билейміз* ***«Мұқият бол!» ойыны.*** *Ал енді мен сендерге бүгінгі танысқан жануарлардың бір белгісін айтады, сендер қаңдай аң екенін табасыңдар.Балалар сипаттамасы бойынша қандай жануар екенін табады.* ***Қорытынды.*** *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*	*Орнымызды табамыз* *Балалардың жұмысын бағалау* ***Қорытынды.*** ***2.Дене шынықтыру.*** *Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуге үйрету.* *Бір-біріне допты домалату.* *.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *(таяқшалар)* *«Біз күштіміз!»* *Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.* *1.Екі қолды алға созып* *2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.* *3.Бір қатарға келу.* *«Біз барлаушымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.* *1.Қос қолды жоғары көтеру.* *2.Денені бұрып – оңға иілу* *3.Денені бұрып – солға иілу.* *4.Б.қ. келу* *«Біз штангашымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* *1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау*

	мұрнымен дем шығару. ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.* *2. Арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру* ***Қимылды ойын:*** *«Өз үйіңді тап»* *Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*	*не бар екенін көреміз бе?* *- Қане бәріміз жайғасып отырайық. (сандықшаның ішінде* ***ертегілер желісі бойынша жасалған мнемокестелер Бауырсақ , Үйшік , Қоянның үйшігі).*** *- Бауырсақ неше аңды кездестіреді?(төртеу)* *- Үйшікте неше аң тұрады? (төртеу) балаларды мадақтау* ***Мнемотехника әдісі.*** *.(Екі сараң қонжық ертегісінің мнемокестесі.) Ертегіні мнемокесте арқылы айтып беру.* ***Ой қозғау.*** ***Ертегіні талдау:*** *– Осы ертегідегі басты кейіпкерлерді атаңдаршы?* *- Қонжықтар қандай? Олар туралы қалай айтуға болады?(кішкентай, сабалақ, үлпілдек, қоңыр, көңілді, күлкілі, маймақ).* *– Ертегіде тағы қандай кейіпкер бар?(түлкі)* *- Түлкі қандай? (айлакер, қу,)* *- Неге ол қонжықтарға көмектесті?(алдап ірімшіктерін жеу үшін).* *– Қалайша түлкі қонжықтарды алдап кетті?(өйткені қонжықтар сараң, бір - біріне сенбеді, бірінен бірі аяды).* *– Олар сараңдықтары үшін қалай жазаланды?(аш қалды).* ***Балалар Мнемокесте арқылы ертегіні айтады***	 *Балаларды мадақтау.* ***2. Орыс тілі*** ***3.Дене шынықтыру.*** *Шапшаң және баяу қарқынмен ауыса отырып жүгіру. Шеңбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Түрлі бағытта төрттағандап еңбектеу.* ***I.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *.Шеңбер бойымен тұру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *(шығыршықтар)* *«Бұрылыс»* *Б.қ.: аяқ иық көлемінде алшақ, шығыршықтың екі шетінен ұстау, қол төменде.* *1.Екі қолды алға созу* *2.аяқты қозғалтпаған күйде шығыршықты оңға, солға бұру.* *3.Б.қ. келу* *«Кезек-кезек»* *Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қос қолмен шығыршықты ұстап тұру.* *1.Қос қолдағы шығыршықты оң жақта оң қолмен ұстап тұру.* *2.Келесі қолға ауыстыру*	*Балаларды мадақтау.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*	*2. Таяқшаны жоғары көтеру.* *3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.* *4.Б.қ. келу.* *«Біз епті міз!»* *Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.* *1.Қос қол белде.* *2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру* *3.Б.қ. келу* *Тыныс алу:* *1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.* *2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.* ***2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.*** *1.Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу* *2.Бір-біріне допты домалату.* ***Қимылды ойын:*** *«Кім бірінші»* *Балаларды мадақтау.*

		6.***Тыныс алу жаттығуы.*** *Қолға алып шарды* *Үрлеймін мен былай* *Уф-ф-ф* *Үрлеймін деп қатты* *Жарып алдым шарды.* ***Ой қозғау.*** *- Балалар, ертегі өте өкініштi аяқталды, ия? Қонжықтар аш қалды, мен оларды аяп отырмын, сендер ше? Онда біз қонжықтарға көмектессек қайтеді? (Балалардың ертегіні жаңаша, өз ойларыңша айтуына көмектесу).* *Балаларды мадақтау.* ***7.Қорытындылау.*** *- Ал енді балалар бізге тобымызға қайтатын уақыт келді. Шеңберді біз құрайық, көзімізді жұмайық. Сиқырлы таяқша бізді тобымызға жеткіз деп сұрайық.* *Балабақшаға оралу.* *Балалар біз бүгін қайда бардық?* *- Онда не істедік?* *- Саяхат аяқталды, сендер бүгін өте жақсы қатыстыңыздар деп жұлдызша беремін.* ***3. Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*	*3.шығыршықты сол жақта сол қолмен ұстап тұру.* *4.Б.қ. келу.* *«Алға иілу»* *Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* *1.шығыршықты кеуде тұсында ұстау.* *2.Шығыршықты жоғары көтеру.* *3.Алға иілу* *4.Б.қ келу* *«Көлік айдаймыз»* *Б.қ.: екі аяқ бірге, шығыршық кеуде тұсында.* *1.шығыршықты алға созып, руль сияқты ұстау.* *2.Көлік айдап отырғандай шығыршықты екі жаққа бұру.* *3.Б.қ. келу* *Тыныс алу:* *-аяқ арасы алшақ, шығыршықты қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.* *-шығыршықты кеуде тұсына әкеніп, мұрынмен дем шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1Арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру* *2.Түрлі бағытта төрттағандап еңбектеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Аттар »* *Ойын шартымен таныстыру.* *Балаларды мадақтау.*		
Серуенге дайындық 10.00-10.20.	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
